

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы "Вознесенское" құм-қиыршық қоспалы кен орнының кен иелігі учаскесінде Шар өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 262 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 қазанда № 5265 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы "Вознесенское" құм-қиыршық қоспалы кен орнының кен иелігі учаскесінде Шар өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуі шекаралары жобасына сәйкес, су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы "Вознесенское" құм-қиыршық қоспалы кен орнының кен иелігі учаскесінде Шар өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы "Вознесенское" құм-қиыршық қоспалы кен орнының таулы жерін бөліп беру учаскесінде Шар өзенінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.Н. Нұрғалиев) Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы "Вознесенское" құм-қиыршық қоспалы кен орнының кен иелігі учаскесінде Шар өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуі шекаралары жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Жарма ауданы әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.З. Байбековқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясының басшысы
_____ Р. Сүлейменов

2017 ЖЫЛҒЫ " 10 " 10

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің басшысы
_____ Ф. Сүлейменов

2017 ЖЫЛҒЫ " 10 " 10

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2017 жылғы " 9 " қазандағы
№ 262 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы "Вознесенское" құм-қиыршық қоспалы кен орнының кен иелігі учаскесінде Шар өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы " Вознесенское" құм-қиыршық қоспалы кен орнының кен иелігі учаскесінде Шар өзенінің сол жағалауы: і ш к і ш е к а р а сыртқы шекара	0,578 0,295	21,4479	500 -	0,578 0,570	2,6055	50

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы "Вознесенское" құм-қиыршық қоспалы кен орнының кен иелігі учаскесінде Шар өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі шекаралары жобасының картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ